ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБЩЕСТВЕННОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАЛИНСКОГО
РАЙОНА»

120400, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі, №130
Тел: 8-(72438) 79-2-80- 69-23
e-mail: kazali_ovp22@mail.kz

120400, пос. Айтеке би, ул. Жанкожа Нурмухамедулы, №130
Тел: 8-(72438) 79-2-80- 69-23
e-mail: kazali_ovp22@mail.kz

02.04.2026 жс № 04-7/118

«Жалынды жастар» жастар қоғамдық бірлестігінің директоры Н. Бакировке

Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі тарапынан, Сіздің 2026 жылғы 27 ақпандағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №82825516-ГС31 көзделген **2026 жылға арналған "Облыс тұрғындары арасында дін қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартушылық жұмыстарын жүргізу"** қызметі бойынша №284914 *(мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы келіп түскен)* шағымыңызға қатысты келесіне хабарлайды.

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының 460-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»** бағалау өлшемшарты бойынша **«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының 2017, 2018, 2019 жылдар аралығында** Қызылорда облысының Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының әлеуметтік сатып алынатын қызметтерінің нысаны мен мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтер болғандықтан тиісті 8 (сегіз) бал дұрыс берілген.

2. «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» бағаны бойынша «Жалынды жастар» жастар қоғамдық бірлестігі сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін **ұқсас қызметтерді көрсету** нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, қайта 6 (алты) бал берілу керектігі анықталды.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-тармағынынң 2) тармақшасының 6-абзацына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша **конкурстық комиссия әлеуетті**

<u>өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін</u> «Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірбиесі» өлшем шарттары негізінде балдарды есептейді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес өңір - Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде обылыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Бұл ретте жоба Қазалы ауданында жүзеге асырылуына байланысты, осы аумақта орындалған шаралар жұмыс тәжірбесіне есептелетіндіктен "Жалынды жастар" жастар қоғамдық бірлестігі аталған аумақта жұмыс тәжірибесінің болмауы, тек облыстық деңгейдегі басқармадан орындалған жұмыс тәжірибесі **екі жылды қоса алғанда** бар болуына байланысты 2 (екі) бал дұрыс берілген.

4. ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының *(15-тарауы. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері)* 471-тармағында Конкурстық баға ұсыныстарының **шартты бағалары тең болған кезде** сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі көп конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады делінген.

Осыған байланысты конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын есептеу барысында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры мен «Қазалы жомарт» қоғамдық бірлестігінің конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болғандықтан қолданылған жұмыс тәжірибесі кестесінің «жұмыс тәжірибесі» бағанына жұмыс өтілі көрсетілген.

5. «Қазалы жомарт» қоғамдық бірлестігі ұсынған құжаттардың 16-қосымшадағы **«имам.zip»** атауымен жүктелген құжатта техникалық ерекшеліктің талаптары толық қамтылғандықтан тиісті 6 (алты) бал дұрыс берілген.

6. **Техникалық ерекшелікте «**Жобаны үйлестіруші **1 маман** болуы қажет» деп көрселілгендіктен Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын **мамандардың өтілі мен біліктілігі бойынша** бал қойылған.

Алайда, жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған, ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың **<u>қызмет түрлеріне сәйкес</u>** жеткілікті **өтілі** немесе **біліктілігі** болуы тиіс деп көрсетілгендіктен "JAS QADAM" қоғамдық қоры мен «Қазалы-Жомарт» қоғамдық бірлестігіне 2 (екі) балдың негізсіз берілгендігі анықталды.

Ал, «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұсынған маманы бойынша «Дін мәселелері бойынша білікті мамандар даярлау» оқыту курсынан өткендігі туралы **сертификаттың болуы** және аталған қорда ұзақ жылдар бойы жұмыс

жасағандығы туралы дәлелді құжаттардың толық болуы **жеткілікті өтілі мен біліктілігін растайды**. Осы ретте, тиісті 4 (төрт) бал дұрыс берілген.

Сіздің ұсынған «Жалынды жастар» жастар қоғамдық бірлестігі басшысы ретінде жазылған еңбек кітапшасының ғана болуы және басқа **ұсынылатын әлеуметтік жобаның <u>қызмет түрлеріне сәйкес</u>** біліктілігін растайтын *(білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру)* құжаттардың болмау себебінен 4 (төрт) бал емес 2 (екі) бал берілу керектігі анықталды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Сіздің шағымыңызға толық жауап берілді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа шағымдануға құқығыз бар екенін назарыңызға саламыз.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы **Б. Мдуар**

Орындағын: М.Ізімқұл
Тел.: 79-2-80 (69-22)